**№8 жалпы орта білім беретін мектебінің жаратылыстану-математика әдістемелік бірлестігі отырысының**
**№1 хаттамасы**

29.08.2024 ж

Қатысушылар: 4

**Күн тәртібі:**

1. Оқу жылының мақсаттары мен міндеттері.
2. Жаңа оқу бағдарламаларын талқылау.
3. Мұғалімдердің кәсіби дамуы.
4. Оқу-әдістемелік материалдар мен құралдарды талқылау.
5. Басқа мәселелер.

1. **Оқу жылының мақсаттары мен міндеттері**
   Жиынның ашылуында ӘБ жетекшісі Базылбекова Г.Ж. оқу жылындағы негізгі мақсаттар мен міндеттерді баяндады. Жаратылыстану - математика пәндері бойынша білім сапасын арттыру, сабақтарды қызықты әрі тиімді өткізу қажеттілігі айтылды.
2. **Жаңа оқу бағдарламаларын талқылау**
   Базылбекова Г.Ж. жаңа оқу бағдарламаларының ерекшеліктері мен жаңартуларын таныстырды. Жаңа әдістемелер мен ресурстардың қолдану жолдары қарастырылды.
3. **Мұғалімдердің кәсіби дамуы**
   Мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін семинарлар мен тренингтер өткізу жоспарланды. Смагулова Д.А. математика пәні мұғалімі, осы бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру туралы ақпарат берді.
4. **Оқу-әдістемелік материалдар мен құралдарды талқылау**
   Базылбекова Г.Ж. жаратылыстану-математика пәндері бойынша жаңа әдістемелік құралдар мен оқулықтарды таныстырды. Қатысушылардан ұсыныстар алынды.
5. **Басқа мәселелер**
   Қатысушылар тарапынан көтерілген мәселелер мен ұсыныстар талқыланды..

**Қорытынды:**
Жиын соңында Базылбекова Г.Ж. қабылданған шешімдер мен тапсырмаларды атап өтті. 2024-2025 жаңа оқу жылына ӘБ жоспары құрылды.

ӘБ жетекшісі: Базылбекова Г.Ж.

**№8 жалпы орта білім беретін мектебінің жаратылыстану-математика әдістемелік бірлестігі отырысының**
**№2 хаттамасы**

30.10.2024 ж

Қатысушылар: 4

**Күн тәртібі:**

1. 1 тоқсанның оқу багдарламасының орындалуы;
2. Жаратылыстану және математика пәндері бойынша әдістемелік ұсыныстар;
3. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау;
4. Алдағы 2 тоқсанға жоспарлар.

1. Оқу бағдарламасының орындалуы:

- 1, 2 сұрақ бойынша Базылбекова Г.Ж. сөз алды, 1 тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы туралы есеп берді. Оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері туралы, сабақ жоспарлары мен тақырыптарын талқылап айтып өтті.

2. Әдістемелік ұсыныстар:
- Жаңа технологияларды сабақ барысында қолдану керектігі жайлы айтылды.

3. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша Смагулова Д.А.:
3.1 Оқушылардың тестілеу нәтижелері.
3.2 Бағалау критерийлерінің әділдігі мен ашықтығы туралы айта кетті.

4. Алдағы 2 тоқсанға жоспарлар:

- Жоспарланған іс-шаралар.
- Әдістемелік бірлестік мүшелерінің ұсыныстары айтылды.

Шешімі:
1. Барлық оқушылар І-тоқсаннан ІІ-тоқсанға өткізілсін.
2. Күнделікті сабақта жаңа әдіс-тәсілдер қолданылсын.
3.Біліктіліктен өткен мұғалімдердің сабақтарына кіріп, тәжірибе алмасу қажет.

ӘБ жетекшісі: Базылбекова Г.Ж.

**Жаратылыстану-математика бірлестігінің отырысы**

**№ 3 хаттама**

**Күні:** *08.01.2025*

**Күн тәртібі:**

1. 1-жарты жылдық қорытынды бойынша есеп.
2. ҰБТ-ге дайындық туралы ұсыныстармен таныстыру (Базылбекова Г.Ж.).
3. Жаратылыстану-математика пәндерінен оқушылардың сабаққа қатысуын талдау (пән мұғалімдері).
4. 3-тоқсанда өтетін физика, математика, информатика апталығының жоспарын талдау (Базылбекова Г.Ж.).
5. ІІ-тоқсан бойынша қорытынды жасау.

**Отырыстың барысы:**

**1. 1-жарты жылдық қорытынды бойынша есеп**
*Базылбекова Г.Ж.* **2024-2025 оқу жылының 1-жарты жылдығы бойынша есепті** таныстырды.

- Жоспарланған жұмыстар толығымен орындалды.
- Оқушылар пәндік олимпиадаларға қатысты.
- ҰБТ, ОЖСБ, PISA дайындық кестесі бекітілді.
- **Қаулы:**

1. Жарты жылдық есепті қабылдау.
2. Жоспар бойынша кемшіліктерді жою үшін қосымша жұмыстар жүргізу.

**2. ҰБТ-ге дайындық туралы ұсыныстармен таныстыру (Базылбекова Г.Ж.)**
Базылбекова Г.Ж. **ҰБТ-ге дайындықтың тиімді әдістері мен ұсыныстарын** таныстырды:

- Қосымша сабақтар мен кеңестер өткізу.
- Практикалық тестілеуді жиі ұйымдастыру.
- Жеке оқушылармен жұмыс істеу.
- Тақырыптық талдау мен тест тапсырмаларын жүйелі орындау.

**Қаулы:**

1. Пән мұғалімдеріне оқушылардың білімін көтеру мақсатында қосымша сабақтар жүргізуді тапсырылсын.

2. ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын қадағалау үшін ай сайынғы мониторинг жүргізілсін.

**3. Жаратылыстану-математика пәндерінен оқушылардың сабаққа қатысуын талдау (пән мұғалімдері)**

- Пән мұғалімдері сабаққа қатысу көрсеткіштері бойынша есеп берді.
- Сабаққа қатысу төмен оқушыларға қосымша көмек көрсету ұсынылды.

**Қаулы:**

1. Сабаққа қатысуы төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
2. Сабақтан жиі қалған оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнату.

**4. 3-тоқсанда өтетін физика, математика, информатика апталығының жоспарын талдау (Базылбекова Г.Ж.)**

- Апталықтың негізгі бағыттары анықталды.
- Ашық сабақтар, сайыстар, көрмелер, жоспарланды.

**Қаулы:**

1. Апталық жоспары бекітілсін.
2. Барлық пән мұғалімдері іс-шараларға белсенді қатыссын.

**5. ІІ-тоқсан бойынша қорытынды жасау**

- ІІ-тоқсандағы оқу жетістіктері талданды.
- Сабақ үлгерімі бойынша жоғары және төмен көрсеткіштер анықталды.

**Қаулы:**

1. ІІ-тоқсан бойынша талдау нәтижелері негізінде жұмыстар жалғастырылсын.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастырылсын.

**Қорытынды:**

Отырыста қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

**ӘБ жетекшісі:** **Базылбекова Г.Ж.**

**Жаратылыстану пәндер бірлестігінің отырысы**
**Хаттама № 4**

**Күні:** 2025 жылғы 19 наурыз
**Қатысқандар:** Химия, биология, физика, информатика, математика пәндерінің мұғалімдері

**Күн тәртібі:**

1. 2024–2025 оқу жылының 3-тоқсаны бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының орындалу барысын талдау.
2. Оқушылардың үлгерім және білім сапасы көрсеткіштерін талқылау.
3. Пән мұғалімдерінің әдістемелік және шығармашылық жұмыстары.
4. Пәндік үйірмелер мен олимпиада нәтижелері.
5. 4-тоқсанға арналған міндеттер мен жоспарлар.

**Отырыстың барысы:**

**1. Бірлестік жетекшісі** сөз алып, тоқсан бойынша пән мұғалімдерінің жұмысын қорытындылап, оқу бағдарламасының орындалуы мен жоспарланған шаралардың жүзеге асуын атап өтті.

**2. Пән мұғалімдерінің есептері тыңдалды:**

- **Математика пәнінен**: Сыныптарда тақырыптық бақылау жұмыстары жүйелі өткізілді. ҰБТ, Pisaғадайындық жүргізіліп жатқандығы атап өтілді;
- **Физика пәнінен**: Практикалық және теориялық сабақтардың байланысы нығайтылды. Дарынды оқушылармен жеке жұмыстар жалғасуда.
- **Информатика пәнінен**: Оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамыту бағытында жобалар ұсынылды. Кейбір сыныптарда код жазу машықтары дамуда.
- **Химия пәнінен**: Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында зертханалық жұмыстар ұйымдастырылды. Қиын тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өтті.
- **Биология пәнінен**: Оқушылар экологиялық, биомедициналық тақырыптарға қызығушылық танытты. Ғылыми жобаларға қатысу белсенділігі байқалды.

**3. Олимпиада және үйірме жұмыстары туралы:**
Пән мұғалімдері оқушыларды олимпиадаларға, интеллектуалдық байқауларға белсенді қатыстыру керек екендігі айтылды, дайындық жүргізілді. Нәтижесінде бірнеше оқушы аудандық деңгейде жүлдеге ие болды (Математика пәнінен)

**4. Әдістемелік жұмыс:**

Мұғалімдер ашық сабақтар өткізіп, кәсіби шеберліктерін арттырды. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды қолдану тәжірибеге енгізілді.

**Қаулы:**

1. 3-тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалу деңгейі мен білім сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс күшейтілсін.
3. 4-тоқсанда қорытынды бақылау жұмыстарына дайындық өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
4. Әдістемелік тәжірибе алмасу жалғасын тапсын.
5. Пән мұғалімдері 4-тоқсанға арналған жеке жұмыс жоспарларын уақытында тапсыруы тиіс.

**Бірлестік жетекшісі:** **Базылбекова Г.Ж.**

**Жаратылыстану пәндер бірлестігінің 4-тоқсандық отырысының хаттамасы**

**Хаттама №** 5

**Өткізілген күні:** 2025 жылдың 23 мамыры
**Қатысқандар:** Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән мұғалімдері (Химия, Биология, Физика, Информатика, Математика)

**Күн тәртібі:**

1. 2024–2025 оқу жылының 4-тоқсанындағы оқу үдерісінің қорытындысы.
2. Оқушылардың білім сапасы мен үлгеріміне талдау жасау.
3. Олимпиадалар, ғылыми жобалар, пәндік апталықтар қорытындысы.
4. Пән мұғалімдерінің әдістемелік жұмыстары.
5. Келесі оқу жылына ұсыныстар мен жоспарлар.

**Тыңдалды:**

**1. ӘБ жетекшісі** 2024–2025 оқу жылының 4-тоқсанындағы жұмыс барысына шолу жасап, бірлестік құрамындағы мұғалімдердің оқу-тәрбие процесіне орташа деңгейде қатысқанын атап өтті.

**2. Пән мұғалімдерінің баяндамалары:**

- **Математика пәні мұғалімі** Смагулова Д.А**.**: тоқсандық білім сапасы, үлгерім, оқушылардын жетістіктері бойынша тоқталды.
- **Физика пәні мұғалімі Курманова С.И№**: 4-тоқсанда практикалық сабақтарға ерекше көңіл бөлінгені бойынша атап өтті
- **Информатика пәні мұғалімі Базарбаев У**.Д: Оқушылар бағдарламалау, жобалық жұмыстармен айналысу жаз айында жоспарланып отырғаның атап өтті. Цифрлық сауаттылыққа байланысты үйірмелер өткізілді.
- **Химия, Биология пәні мұғалімі Сасаева А.Ф**: Зертханалық жұмыстар тиімді ұйымдастырылды. Кейбір сыныптарда білім сапасы арта түскенін атап өтті.

**3. Пәндік олимпиада мен ғылыми жоба нәтижелері:**

- Математика пәнінен «Алтын түлек» олимпиадасына 2 оқушы аудандық олимпиадада қатысып жүлделі 3 орын алды.
- Биология пәнінен ғылыми жобалар конкурсына 1 оқушы қатысты жүлделі орынға ие болды.

**4. Әдістемелік жұмыс:**
Мұғалімдер ашық сабақтар, коучингтер, педагогикалық кеңестерге белсенді қатысты. Цифрлық технологиялар мен саралап оқыту әдістері қолданылды.

**Қаулы:**

1. 2024–2025 оқу жылының 4-тоқсаны бойынша пән мұғалімдерінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Келесі оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жоспарлар маусым айының соңына дейін дайындалсын.
3. Жаңа оқу жылында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғасын тапсын.
4. Әр пән мұғалімі өз бағытында жылдық талдау жасап, 2025–2026 оқу жылына ұсыныстар дайындасын.

**ӘБ жетекшісі:** **Базылбекова Г.Ж.**